

КМҚК «Гаухар» бөбекжай балабақшасы

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №1

Уақыты: 5.09.2024

Төрайымы Г.Қуанышбаева

Хатшы: Г.Сахипова

Қатысқаны:14

Күн тәртібінде:

- | | |
|---|-----------------------|
| 1.Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау. | Әдіскер Г.Қуанышбаева |
| 2.Педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары;
-перспективалық жоспарын талқылау; | Әдіскер Г.Қуанышбаева |
| 3.МДҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары | Әдіскер Г.Қуанышбаева |
| 4.Біртұтас тәрбие жоспары . | Әдіскер Г.Қуанышбаева |
| 5.Ағымдағы мәселелер | |

Тыңдалды:

1-ші және 2-ші мәселелер бойынша ,педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау,педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары, перспективалық жоспарды талқылау және бекіту жайында мәселе қозғалды.

Сөйледі: Әдіскер Г.Қуанышбаева

2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде балабақшада Перспективалық жоспар жасалынып,бекітілді.Перспектива балалардың жас ерекшеліктерін,балабақшаның тақырыптық бағытын ескере отырып,шығармашылық құзыреттілік танытуға бағытталған.Педагогтар перспективалық жоспарды бекітілген 5 дағдыға сәйкес құрайды,нақты жас тобының перспективалық жоспарында педагог жоспарына бағыт жасалады.

Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ете отырып тәрбиешілер өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар жазады.

Перспективалық жоспарға сәйкес балаларды қабылдау,ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті,серуен,балалардың үйге қайтуы,т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған циклограмма құрастырылады деп атап кетті.

3- ші мәселе бойынша ,МДҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары жайында әдіскер Г.Қуанышбаева сөз алды.

Биылғы оқу жылында тәрбиешілердің құжаттарында өзгешеліктер бар.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама) Стандарт талаптарына сәйкес:

- балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім,білік,дағдыларды қалыптастыруға;
- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістік дамытушы ортаны құруға;
- мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
- балалардың дене,зияткерлік,коммуникативтік,адамгершілік,эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;
- әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуына мониторингті ұйымдастыруға;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған 5 білім беру дағдылары кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі деп нақты атап өтті.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейдің болуын болжайды:

- 1-деңгей-бала сол немесе басқа қимылдарды қайталай алады;
- 2-деңгей -бала не істеп жатқанын түсінеді;
- 3-деңгей-бала өзінің жасай алатынын қолданады деп нақты атап кетті.

4 –ші мәселе бойынша тыңдалды: Біртұтас тәрбие жоспары

Сөйледі: Әдіскер Г.Қуанышбаева 2024-2025 оқу жылында енгізіліп жатқан Біртұтас тәрбие бойынша балабақшаға жоспар құрылып іске асыру міндеттеледі.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;

Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру; Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен болуға баулу;

Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру: Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу;

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету; Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны: Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптаптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек-еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан-тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша-әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан-бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар-заң және тәртіп айы;

Ақпан-жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз-тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір-еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр-бірлік және ынтымақ айы;

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Әр апта және күнделікті циклограммаға қосылу керек іс-шаралары

«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» -үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру-асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» -ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адагершілік турлы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» -суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

«Күй күмбірі» - қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау.

4 – ші мәселе бойынша ағымдағы мәселелер қозғалды.

Сөйледі: Әдіскер Г.Қуанышбаева алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті.Қыркүйек айында өтетін Тілдер мерекесіне барлық топтарда тақырыптық тәрбиелік шаралар ұйымдастырылсын және ата-аналарға мәліметтер берілсін.Қарттар күніне орай орай «Әжелер даналығы» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылады.Ұйымдастырылып, өткізілуіне тәрбиешілер жауапты.Денсаулық күніне орай «Әкем,анам және мен» спорттық жарыс жоспары жасалынып,бекітілсін.Қазан айында «Алтын күз» мерекесіне тәрбиешілер тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуларыңыз қажет,сіздердің балалармен жүргізілген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді.

Шешім:

- 1.Перспективалық жоспар,2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.
- 2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптардың сақталуын қадағалау.
3. Біртұтас тәрбие жоспары бекітіліп,педагогтармен жұмыс жасалсын.
4. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау,педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары қатаң сақталсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Г.Қуанышбаева

Г.Сахипова

КМҚК «Гаухар» бөбекжай балабақшасы

Әдістемелік кеңес отырысы Хаттама №2

Уақыты: 18.11.2024

Төрайымы Г.Қуанышбаева

Хатшы: Г.Сахипова

Қатысқаны: 14

Күн тәртібінде:

1. «Жаңа формация педагогы-құзыреттілігі қалыптасқан тұлға» Әдіскер Г.Қуанышбаева
2. «Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы» баяндама оқу.
Тәрбиеші Г.Куракова
3. Топтарда бойынша өткізілген іс-шара қорытындысы. Меңгеруші Г.М.Наурызбаева
4. Ағымдағы мәселелер. Әдіскер Г.Қуанышбаева

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша Г.Қуанышбаева

Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алудамыз. Білім беру жүйесінің мақсаты-бәсекеге қабілетті маман дайындау. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас, басқаша қарым қатынас пайда болды. Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына көңіл бөлінуде. Сондықтан қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеріп, жаңа формация педагог болу-заман талабы. Жаңа формация педагогтарға талдау.

1. Педагог үздіксіз ізденуші
2. Педагог дамушы шығармашыл тұлға
3. Педагог өз ісінің шебері
4. Педагог әділ, еңбекқор тәрбиеші
5. Маман-педагог.

Бүгінгі таңда жаңа формация педагогіне қойылатын талап та жоғарылады. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация педагогы-педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Құзыреттілік латын тілінен аударғанда «компотенс» яғни, өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Енді осы ұғымдардың мәнін тереңірек талдайтын болсақ, онда «құзыр» - тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білімі, біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы, ал «құзырлық» - адамның іс-әрекеті саласына сай құзырлықтарды меңгеруі. Кәсіби құзыреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі оның білімінің жан-жақтылығы, ұстаздық шеберлігі, оқытудың жаңа әдістерін, инновациялық технологияны меңгерумен өлшенеді, - деді.

2 мәселе бойынша Г.Куракова

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындығын айтып өтті. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады деді. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада; ағзаның қорғағыс қабілеті нашар қалыптасқан кіншкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омытқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет деп атап өтті.

Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі ұимыл түрлерін меңгеру арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

Тыңдалды:

3 мәселе бойынша меңгеруші Г.Қуанышбаева сөз алып, өтілген іс-шаралар жақсы өтілгендігін «Әжелер мектебі» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына, ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай іс-шараларға жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар іс-шарада көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті. Әжелер немересімен өте жақсы жұмыстар көрсетті. Алдағы уақытта әжелер және аталар көптеген жұмыстар бірге жұмыс көрсету ұсынылды.

Сөз сөйлегендер: Әдіскер Г.Қуанышбаева.

Балабақшадағы топтарда ашық ұйымдастырылған іс-әрекет жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін атты. Балалардың әр іс-шараға белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

4. Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер Г.Қуанышбаева алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Желтоқсан айында болатын Тәуелсіздің күні қарсаңында тәрбие сағаты ұйымдастырылады, топтарда ата-аналар бұрыштарына құттықтау ілініп, балаларға мәлімет берілсін. Тәрбиелік іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Сонымен бірге, жаңа жыл мерекесінің сценарийін тәрбиешілер дайындап, топтарға тапсырма берілсін. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Шешім:

1. Педагогтардың үздіксіз ізденіп, өздерін жан-жақты дамытуына әдістемелік көмек көрсетілісін.
2. Жас мамандар іс-шараға қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.
3. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Г.Қуанышбаева

Г.Сахипова

КМҚК «Гаухар» бөбекжай балабақшасы

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №3

Уақыты:10.01.2025

Төрайымы:Г.Қуанышбаева

Хатшы:Г.Сахипова

Қатысқаны:14

Қатыспағаны:

Күн тәртібінде:

1. Өз бетімен білім алу-педагогтардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құралы.
Меңгеруші Г.Наурызбаева
- 2.Балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізудің жаңа әдіс тәсілдері.(слайд презентация)
- 3 Жас мамандармен жұмыс барысы туралы. Тәрбиеші А.Жакеева
- 4.Ағымдағы мәселелер. Әдіскер Г.Қуанышбаева

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша:Балабақша меңгерушісі Г.Наурызбаева

Педагог әрдайым даму үстінде сондықтан өзінің еңбек жолының барлығында зерттеуші болып табылады.Әсіресе мұғалімнің кәсіби шеберлігін қалыптастыру барысында ғылыми-әдістемелік іс-әрекет үлкен әсерін тигізеді.Бұл іс-әрекет болжамы:білім саласынд болып жатқан қазіргі кездегі өзгерістермен әрдайым танысу;өз әріптестерінің әртүрлі формадағы ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыру тәжірибесін оқып үйрену;жаңа білім тұжырымдамасымен,бағдарламаларымен т.б танысу.Өзінің педагогикалық шеберлігін арттыру үшін педагог әртүрлі курстарға қатысады.сол сияқты өз білімін арттырумен шұғылданады.Өзіндік білім жетілдірудің мақсатының өзі оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатының өзі оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып үйрену.Өз білімін арттыру педагогтың тұрақты іс-әрекеті болғандықтан,оған кіретіндер:белгілі мәселеге байланысты ғылыми зерттеу жұмысы;кітапханаға бару,ғылыми-әдістемелік және оқу кітаптарын оқу;педкеңеске,әртүрлі семинарларға қатысу;өз әріптестерінің ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу,ұйымдастырылған оқу қызметтерін жүйелі ұйымдастыру;қазіргі білім беру технологияларының негіздерін оқып үйрену болып табылады.Бізде барлық педагогтар өзіндік білім жетілдіру папкаларын дайындап,өз тақырыптарына байланысты педагогикалық кеңестерде,әртүрлі сайыстарда баяндамаларымен бөлісіп келеді,-деді.

2 мәселе бойынша:Балабақша әдіскері Г.Қуанышбаева

Балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізудің жаңа әдіс -тәсілдері.(слайд презентация)

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру ұйымдарында оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Оларды ғылыми тілмен айтқанда «инновациялық процесс» немесе «педагогикалық жаңалықтарды енгізу» деп аталады.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер – мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда.

Осындай құралдардың бірі – мультимедиялық оқулықтарды балабақшада кеңінен пайдалану оқу іс-әрекеттерін жоғары дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік туғызары анық. Бұл жағдайда

тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін өткізер алдында жиі-жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланары айқын.

Мультимедиялық оқулықтар біріншіден балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бүлдіршіннің білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Мультимедиялық оқулықтар балабақша бүлдіршіндеріне арналған таптырмас құрал. Себебі, бұл кезеңдегі балалардың зейіні әдемі түстерге, әдемі ойыншықтарға, әдемі суреттерге, яғни, әдемілікке, әсемдікке әуес болады. Кез келген сабақта әр түрлі әдемі, ұнамды, жағымды суреттер, сызбалар, тәсілдер арқылы графикалық иллюстрациялар негізінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Бірақ, бұндай құралдармен еліміздің барлық балабақшалары қамтамасыз етіле қойған жоқ. Дегенмен біз «жоқ» деп отырмай, балаларға ноутбук арқылы слайдтар көрсетіп, электронды оқулықтар (дискеттерден ертегілер тыңдатып) оқу іс-әрекетімізді түрлендіріп отырамыз. Жоғарыда айтылғандай инновация дегеніміз, бұл-жаңашылдық. Демек, біз күнделікті ізденіп жаңа, қызықты әдістермен оқу іс-әрекетімізді өткізуіміз қажет.

3 мәселе бойынша :тәлімгер А.Жакеева

Биылғы оқу жылы бір әріптесімнің бойындағы тәжірибеге өзгеріс енгізу мақсатында тәлімгер ретінде жұмысымды жүзеге асырамын. Әріптесім Жансая Райымбекқызын тәлім алушы ретінде таңдаған себебім, менің іс-тәжірибені талқылау семинарыма қатысып, қызығушылық танытып өз қажеттілігіме көмек болады деп өзі «өтініш» білдірді. Дегенмен де, балабақша әкімшілігімен, әдістемелік бірлестігі жетекшісімен бірге өтінішті қайта талқыладық. Өтінішін қабыл алып, тәлім алушы ретінде жұмыс жасауына келістік. Жансая Райымбекқызының еңбек өтілі 1,5 жыл, жауапкершілігі бар тәрбиеші. Жаңалыққа жаны құмар әлем өзгеруде, педагог өзгеру керек деген мақсатқа түсіністікпен қарап, тәлім алушы болуға қызығушылығы жоғары. Тәлім алушымен жұмыс жасау үшін деректер жинау мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатыстым. Тәрбиеленушілердің іс-әрекетін, тәрбиешінің шеберлік қырларын, оқыту әдісін, баламен араңыздағы жұмыс жүргізу барысыңыз мүлде ерекше екен, балалар тақырыпты өздері ашып, өздері талдап, өздері түсіндіреді, өз ойларын еркін жеткізіп, ұйымдастырылған іс-әрекет барысындағы мақсатына өздері жетті. Жансаямен бірге өткізілген тәлімгерлік тәжірибемде бірігіп ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлау, талдау, ұсыныс, сұхбаттасу кезінде арамызда шынайы достық, сыйластық, қарым-қатынас орнады. Мен оған өз тәжірибеммен бөлісе отырып қолдау көрсеттім. Тәлім алушым Жансая топпен жұмыс жасау, жаңа технологияларды ұйымдастырып іс-әрекеттер пайдаланудың тиімді жақтарын тез үйренді. Тәлім алушының мені қуантқаны менің ұсынған әдіс-тәсілдерімді еш қиындықсыз әрі қарай алып кеткені, топ балалары да бұрыннан қалыптасып қалған тәрізді, бірден орындап кеткені, топтық жұмысқа тез бейімделуі жақсы нәтижені көрсетті. Тәжірибе кезінде қиындық туғызған сәттер: балабақшаның АКТ құралдарымен толық жабдықталмауы үлкен кедергі келтірді. Топтық ұйымдастыру, топқа бөлу кезеңінде қиындық болды. Тәлім алушы өзінің жазған кері байланысында әртүрлі сабағымен салыстырып, көптеген әдіс-тәсілдерді іс-әрекетте қолданғанына риза болды. Тәлім алушымның рефлексиясы: Не ұнады, не ұнамады? Деген сұраққа орта мерзімді жоспардың тиімділігіне көзім жетті. ҰОҚ жоспарын құрғанда жаңа әдіс тәсілдің қиын жері көп даярлықты қажет етеді екен. Біз бұрын тек оқулықпен шектелсек қазір қосымша интернеттен материалдар қарауға тура келеді, ізденушілік керек екен-деді. Менің ұсыныстарым: Маған тәлімгерлікті алдағы уақытта да жалғастыруыңызды сұраймын. Сізге мықты денсаулық, шығармашылық табыстар тілеймін. Тәлімгерлік ету барысында өзімнің біліміммен, іс-тәжірибеммен бөлісіп, тәлім алушының еңбек жолында айтулы жетістіктерге жету мақсатында өзінің кәсіби дағдыларын дамытып, проблемаларды шешу жолдарын іздеуіне қолдау көрсетемін, -деді.

Сөйледі: Әдіскер Г.Қуанышбаева алда жасалатын жұмыстарға тоқтап өтті.

Шенім:

1. Педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша педагогтарға әдістемелік көмек көмек көрсетілсін.
2. Балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізудің жаңа әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру қолға алынсын.
3. Жас мамандардың шығармашылықпен іздену жұмыстары жандандырылсын.
4. Қаңтар айында ата-аналарға қыс мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілінсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Г.Қуанышбаева

Хатшы:

Г.Сахипова

**КМҚК «Гаухар» бөбекжай балабақшасы
№4 Әдістемелік кеңес хаттамасы**

Уақыты: 23.05.2025
Төрайымы: Г.Қуанышбаева
Хатшы: Г.Сахипова
Қатысқаны: 14
Қатыспағаны: -0

Күн тәртібінде:

1. «Оқу жылын қорытындылау».
Әдіскер Г.Қуанышбаева.
2. «Біздің бір жылғы жетістігіміз»
Әдіскер Г.Қуанышбаева
3. Тәрбиеленушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау
Медбике Б.Жуманиязова.
4. Қоршаған ортамен танысу, экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы. баяндама
Тәрбиеші З.Хадимова

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Г.Қуанышбаева сөз сөйледі.

Әр топ тәрбиешілері оқу жылын қорытындылау мақсатында өткізілген барлық іс – шаралар бойынша жылдық есеп тапсырып, талқыға салды. Оқу жылы бойына тәрбиешілердің жұмысы балалардың балабақша жағдайына ойдағыдай бейімделуіне жағдай жасауға бағытталды. Ата-аналарды балалардың жас ерекшеліктерімен және бейімделу кезеңіндегі стресстік жағдайдың себептерімен таныстыру; мектепке дейінгі мекемеге оқуға түсуге дайындық бойынша ұсыныстар берді; балалармен эмоционалды және денелік байланыс орнатуға ұмтылды, оларды бірлескен іс-шараларға қатыстырды, белсенділікті сақтады және балабақша ұжымына деген оң көзқарасты қалыптастырды.

Жылы оқу жылы барысында балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жұмыстары жетілдірілді: таңертеңгілік жаттығулар, дене шынықтыру жаттығулары, жаттығу кезінде дене шынықтыру минуттарын өткізу, тыныс алу жаттығулары, серуендеу және таза ауада ойнау.

Балабақшаның міндеттеріне сүйене отырып, келесі жұмыстар жүргізілді.

Топтағы тәрбиелік жұмыс ол балабақшаның жылдық міндеттеріне сәйкес дамытушылық пәндік–кеңістіктік ортаны, күнтізбелік жоспарлауды құру негізінде құрылды

Екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Г.Қуанышбаева

Балалардың балабақшаға бейімделуін анықтау мақсатында балабақшада тәрбиеленуші әр балаға жеке парақша арналып олардың күнделікті эмоционалдық көңіл-күйлерін, басқа балалар ұжымымен қарым-қатынасын, оқу іс-әрекетіне және ойынға деген қызығушылығын бақылау жұмыстары жүргізілді. Балабақшадағы әр-бір бала туралы жеке мәліметі және олардың ата-аналары туралы мәлімет жинақтау мақсатында «Баланың жеке мәлімет картасы» даярланып ата-аналары арасында толтырылды. Адамның ішкі дүниесіндегі өзекті мәселелерді психологтың кеңесіне сүйене отырып, бірлесе шешуге, күйзелістен оңтайлы шығуға ықпал жасау мақсатында «Жан дүние тазалығы немесе стресспен қалай күресуге болады?» тақырыбында балабақша ұжымы арасында тренинг өткізілді. Мектеп жасына дейінгі балалар арасында агрессияны анықтау және олармен жүргізілетін жұмыс туралы тәрбиешілер арасында «Агрессивті бала» тақырыбында баяндама оқылды.

Балабақшаның педагогикалық ұжымы арасында темперамент типтерін анықтау мақсатында «Темпераментті анықтау» тесті алынып қорытындысы жасалды.

3 мәселе бойынша

Балабақша медбикесі Б.Жуманиязова сөз алды. Бөбекжай тәрбиеленушілерінің сырқаттануы мен жарақаттануына талдау жасай отыра, балалар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды, сондықтан, қоғамдық орындардағы қауіпсіздік деңгейін арттыру маңызды екендігін баса айтты. Топ тәрбиешілеріне бала денсаулығын нығайтуға арналған бірнеше профилактикалық кеңес берді. Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады, яғни қауіпсіздік алған білімнің жиынтығы ғана емес, балалардың өмір сүру салтына айналуы тиіс. Балалар көшеде және үйде кездейсоқ жағдайларға тап болуы мүмкін, сондықтан басты міндет – оларды дербестік пен жауапкершілік танытуға ынталандыру болып табылады. Өйткені, балалар үйренгенінің бәрін шынайы өмірде, іс жүзінде қолдана білуі тиіс.

4. мәселе бойынша: Балабақша тәрбиешісі З.Хадимова

Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймын. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формалары бақылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл-күймен қатар табиғат сұлулығын сезіне білуіне зор әсер ететіні анық. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, құрғақ жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады.

Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу басшылыққа алынады. Балаларға мазмұнда көрсетілгендей өлі және тірі табиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама ұйымдарды нақты түрде меңгеру ұсынылады. Қорытындылай келе мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтап, оның әсемдігімен таныстыра отырып, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тыңыз байаныста екендігін, бір-біріңіз тіршілік болмайтындығын түсіндіре отыра қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, қамқор болып, қорғауға тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер құдіреті көп болмақ деген ойдамын деп баланың эстетикалық талғамының, табиғатқа деген әсем сезімінің қалыптасуының маңызын түсіндіріп өтті.

Шешімдер:

1. Алдағы оқу жылында өткізілетін барлық іс – шаралар түрлендіріліп, жаңа инновациялық технологиялар негізінде жүргізілсін.
2. Келер оқу жылына педагогтарға арналған тренингтер жинағы дайындалсын.
3. Тәрбиеленушілердің сырқаттануы мен жарақаттануын талдау әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес жүргізілсін.

4. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу қолға алынсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Handwritten signature in blue ink.

Г.Қуанышбаева

Г.Сахипова

